

"Мақсатқа сай пайдаланылмаған республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алу және республикалық бюджеттің уақытылы есептелмеуіне (аударылмауына) және мақсатсыз пайдаланылуына әкімшілік жаза қолдану ережесін бекіту туралы" N 1285 тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 434 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 193 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 26 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2310. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 3 маусымдағы N 211 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру бойынша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаменті (Д.В. Вагапов) қоса берілген тізбеде көрсетілген бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен бір апталық мерзімде хабарласын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 3 м а у с ы м д а ғ ы*

N 211 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күшін жойған кейбір бұйрықтарының тізбесі

12. "Арнаулы мақсатқа сай пайдаланылмаған республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алу және республикалық бюджеттің қаражатын уақытылы есептемегені (аудармағаны) және мақсатсыз пайдаланғаны үшін әкімшілік жаза қолдану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003 жылғы 12 қазандағы N 434 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 193 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 26 мамырда N 2310

тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде 2003 жылы жарияланған, N 3, 782-құжат)...

б ұ й ы р а м ы н :

1. "Мақсатқа сай пайдаланылмаған республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алу және республикалық бюджеттің уақытылы есептелмеуіне (аударылмауына) және мақсатсыз пайдаланылуына әкімшілік жаза қолдану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 17 қазанда N 1285 тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен өзгерістер енгізілген, Әділет министрлігінде 2002 жылғы 20 қарашадағы N 2049 тіркелген. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2003 жыл, N 3, 782-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мақсатқа сай пайдаланылмаған республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алу және республикалық бюджеттің уақытылы есептелмеуіне (аударылмауына) және мақсатсыз пайдаланылуына әкімшілік жаза қолдану ережесінің бүкіл мәтіні бойынша "қаулы" деген сөз тиісті септіктерде және санда "ұсыным" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр